

**Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің
«№1 көпбейінді қалалық балалар ауруханасы» ШЖҚ МКК
сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері бойынша
АНАЛИТИКАЛЫҚ АНЫҚТАМА**

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «№ 1 көпбейінді қалалық балалар ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының (бұдан әрі – кәсіпорын) қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 бұйрығымен бекітілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына сәйкес жүргізілді.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау объектісінің атауы:

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «№1 көпбейінді қалалық балалар ауруханасы» ШЖҚ МКК

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу негізі:

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «№1 көпбейінді қалалық балалар ауруханасы» ШЖҚ МКК директорының 2020 жылғы 3 тамыздағы № 113/2 бұйрығы.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу кезеңі:

2020 жылғы тамыз

Кәсіпорын қызметінің талданатын кезеңі:

2020 жылдың 1 жарты жылдығы

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау келесі бағыттар бойынша жүргізілді:

- 1) кәсіпорынның қызметіне қатысты ішкі нормативтік құжаттарда сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
- 2) кәсіпорынның ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

1. Кәсіпорын қызметіне қатысты ішкі нормативтік құжаттарда сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Кәсіпорын өз қызметін «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» 2020 жылғы 7 шілдедегі № 360-VI ҚРЗ Қазақстан Республикасының Кодексіне, Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулыларына, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің бұйрықтарына, Жарғыға, сондай-ақ кәсіпорынның ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес жүзеге асырады.

Талдау барысында кәсіпорынның және оның құрылымдық бөлімшелерінің қызметін реттейтін Жарғы мен ішкі нормативтік құжаттар зерттелді. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін дискрециялық өкілеттіктер мен ережелерді талдау нәтижелері бойынша анықталған жоқ.

2. Кәсіпорынның ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Кәсіпорынның ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінде зерттелетін уақыт кезеңінде қызметтің келесі бағыттары жүзеге асырылады.

1) персоналды басқару, оның ішінде кадрлардың ауысуы.

Кәсіпорынның кадрларын іріктеу тәртібі Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне, сондай-ақ «№1 көпбейінді қалалық балалар ауруханасы» ШЖҚ МКК адам ресурстарын басқару бағдарламасына сәйкес реттеледі және жүзеге асырылады.

2020 жылдың бірінші жартыжылдығында кәсіпорынның штат саны 545 бірлікті құрады: дәрігерлер – 91,5 бірлік, медициналық персонал – 377,75 бірлік. Есепті кезеңде кәсіпорында 57 қызметкер (*оның ішінде 5 дәрігер, 37 медициналық персонал*) жұмыстан шығарылды, 38 қызметкер (*3 дәрігер, 27 медициналық персонал*) қабылданды. Қызметкерлерді жұмыстан шығарудың негізгі себептері: тараптардың келісімі бойынша еңбек шартының бұзылуы; еңбек шарты мерзімінің аяқталуы; тараптардың еркінен тыс мән-жайлар болып табылады. Теріс себептермен жұмыстан шығарылғандар жоқ.

Кәсіпорынның 22 қызметкері тәртіптік жауапкершілікке тартылды. Қызметкерлерді сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар үшін тәртіптік жауапкершілікке тарту, сондай-ақ кәсіпорын қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасағаны үшін қылмыстық және әкімшілік сипаттағы сыбайлас жемқорлық **анықталған жоқ**.

Талдау кезеңінде 63 оқыту және біліктілікті арттыру жүргізілді.

ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына, Корпоративтік этика кодексіне сәйкес Кәсіпорында қызметкерлер арасында сыбайлас жемқорлық қызметінің алдын алуға, сондай-ақ кәсіпорын қызметінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы қолданудың тиімділігін арттыруға бағытталған жұмыс үнемі жүргізіледі.

2) мүдделер қақтығысын реттеу

Жақын туыстары (ата-аналары (ата-анасы), балалары, бала асырап алушылары, асырап алынған балалары, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілері мен апа-сіңлілері, аталары, әжелері, немерелері) немесе жұбайы (зайыбы) атқаратын лауазымға тікелей бағынысты бос лауазымдарға орналасу кезінде **аффилирлену фактілері анықталған жоқ**.

Кәсіпорын қызметінде сыбайлас жемқорлық фактілері бойынша жеке және заңды тұлғалардан өтініштер түскен жоқ.

Кәсіпорын қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау барысында **мүдделер қақтығысы анықталған жоқ**.

Әлеуетті өнім берушілердің мүдделерін лоббилендіруді болдырмау, сондай-ақ ашықтықты қамтамасыз ету мақсатында жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер бойынша конкурстық рәсімдер Мемлекеттік сатып алу порталы арқылы жүргізіледі. Талданып отырған уақыт аралығында Мемлекеттік сатып алу сайтында 146 шарт рәсімделіп, орналастырылған:

- баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен – 59 шарт;

- өтпеген сатып алулар бойынша бір көзден – 14 шарт;
- ашық конкурс – 10 шарт *(біліктілікті алдын ала іріктеумен жүргізілетін 1 конкурс, арнайы конкурс тәртібі бойынша 2 конкурс).*
- бір көзден тікелей шарт жасасу арқылы – 63 шарт.

Мемлекеттік сатып алу туралы барлық шарттарға қол қойылды және мерзімінде орындалды. Электрондық сатып алу веб-порталына есептер уақытылы ұсынылды.

Жүргізілген талдау нәтижелері бойынша Мемлекеттік сатып алуды өткізу рәсімдерінде бұзушылықтар анықталған жоқ.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою бойынша ұсынымдар:

3) мемлекеттік қызмет көрсету.

Кәсіпорын мемлекеттік қызмет көрсетпейді.

4) рұқсат беру функцияларын іске асыру.

Кәсіпорында рұқсат беру функциялары жоқ.

5) бақылау функцияларын іске асыру.

Кәсіпорында бақылау функциялары жоқ.

3. Қорытынды бөлім

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу қорытындысы бойынша кәсіпорын қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

Кәсіпорын қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері бойынша **ШЕШІЛДІ:**

1. 2020 жылға арналған жалпыға бірдей құқықтық оқыту іс-шаралар жоспарында сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы заңнама нормаларын түсіндіру бойынша қосымша іс-шаралар, кәсіпорынның функционалдық қызметіне қатысты заң, сыбайлас жемқорлыққа қарсы тақырыптағы акциялар мен науқандарға қатысу, кәсіпорын қызметі туралы ақпаратты сайтта уақтылы орналастыруды қамтамасыз ету, сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағыттағы айдар жаңартылсын.